

Білім беру ұйымдарын бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдәурен» бөбесжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

№ р/с	Бағыттар және бағалау өлшемшарттары	Баға	Өлшеуіштер
1	Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар		
1.1	МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" маамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы	zhaqsy	"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" маамандығы бойынша педагогтердің үлесі 50% - дан астам
1.2	Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кәсіптік дамытушы орта құру	-	Интернет -
1.3	Зияткерлік конкурстарға қатысу нәтижелері	zhaqsy	Тәрбиеленушілер қашықтықтан немесе күндізгі облыстық, аймақтық зияткерлік конкурстардың жеңімпаздары, жүлдегерлері немесе республикалық деңгейдегі қатысушылар болып табылады
1.4	Көркемдік, шығармашылық конкурстар мен		

байқауларға қатысу нәтижелері	zhaqsy	Тәрбиеленушілер күндізгі және сырттай облыстық немесе аймақтық деңгейдегі шығармашылық, көркемдік конкурстар мен байқаулардың жеңімпаздары, жүлдегерлері не республикалық деңгейдегі қатысушылар болып табылады
2	zhaqsy	Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар
2.1	zhaqsy	МЖМБС-да және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзырет көлемін игеру
		60 %-дан астам респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған

тіркеу және жер кадастры және тіркеу бөлімімен 11.01.2021 жылы берілген, БСН-090340016845, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 24.03.2009 жыл.

6) Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2017 жылғы 19 қазандағы №КЗ65РВК00015128 берілген хабарлама.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес «Балдәурен» бөбекжай - бақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Бөбекжай-бақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. Бөбекжай – балабақшасы сыйымдылығы 50 орын, 2 топ. Қазіргі таңда 50 бала тәрбиеленуде. 1-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 3 мезгіл тамақтандырылады. Балабақшаға тәрбиеленушілер жолдама арқылы тіркеледі.

Материалдық - техникалық және әлеуметтік базасы

«Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымында балаларды сауықтыруға және денсаулығын дамытуға, жан – жақты оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалынған.

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі материалдық-техникалық базаның нығайуына көңіл бөледі.

Бөбекжай-бақшада Акт залы, сондай-ақ меңгеруші кабинеті, әдіскер, медициналық кабинет, психолог кабинеттері талапқа сай жабдықталған.

Психолог кабинеті



Медициналык кабинет



Музыка залы



Білім беру ұйымдарын бағалау
өлшемшарттарына
12-жосымша

Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Үргіз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдаурен» бобекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	Тамақтандыру объектісінің атауы (асхана, буфет, дәмхана)	Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні және нөмірі)	Ескертпе (тамақтандыру объектісін жалға берген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)
1 Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Үргіз ауданы, Құрылыс ауылы селосы Лайық Шоқпаров көшесі №10 ғимарат. Индекс: 030409	2 Асхана	3	4
		25.05.2016 жыл №22 ұйғарым	

Білім беру ұйымдарын бағалау
өлшемшарттарына
13-қосымша

Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Бірғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Баллаурен» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

<p>Құрылыстың тиісі (типтік жоба, ыңғайластырылған, өзге) білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы</p>	<p>Материалдық-қаржылық активтердің болуы (меншік, шаруашылық жүргізу және басқару немесе сенімгерлік іргелес жатқан аумақтарында бейнебақылаудың болуы, басқару құқығына тиесілігі), ерекше білім беру қажеттіліктері бар алаңдар үшін материалдық активтерді жалға алу жағдайлардың болуы (кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, баспадақтарды пандустармен немесе көтеру құрылыстарымен және баспадақтар мен пандустарды тұтқалармен жабықтау, есіктер мен баспадақтарды контрасты бояумен бояу), тұру үшін жағдай жасау.</p>	<p>Меншік үй-жайлардың түрі (кабинеттер, дәрісхана аудиториялары, практикалық сабақтарға арналған үй-жайлар, нақты замандықтар, кәсіптер бойынша зертханалар мен шеберханалар, мәжіліс және спорт залдары), ақпараттық-техникалық (өткізу пункттерінің, материалдық-қаржылық активтердің болуы (меншік, санитариялық тораптардың болуы (уннтаздар, қол жуу алаңдары), білім беру ұйымының үй-жайларында және алаңы (м2)</p>
1	2	3
		4

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе
облысы, Ырғыз ауданы, Құрылыс
ауылы селосы Лайық Шоқпаров
көшесі №10 ғимарат. Индекс: 030409

Жедел басқару

«Балдәурен» бөбекжай-бақпасы ғимаратында газ жылыту жүйесімен қамтылған. Бөбекжай-бақпала бейнебақылау орнатылған оқу тәрбие бөлімі жаңартылған білім мазмұнына сәйкес жұмыс жасайды. Бөбекжай-бақпалада 1-5 жас аралығында 50 бала тәрбиеленуде. Оқу тәрбие процесі МЖМБС мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылған. Оқу қызметтерімен іс-шараларында қолдануға арналған проектор, санитариялық тораптар (унитаздар, қол жуғыштар) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлар (кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, баспалдақтарды пандустармен немесе көтеру құрылыстарымен және баспалдақтар мен пандустарды тұтқалармен жұмысқа асырып, есіктер мен баспалдақтарды контрасты бояумен боялған) жасалған.

іс-399 2



Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоңазытқыштар, су сүзгісі (фильтр) құралы, ауа баптағыш, үтіктейтін аппарат, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 2 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Медициналық бөлме, асхана бөлмесі қажетті құралдармен жаңартылып талапқа сай жабдықталған, СанПин талаптарына сай. Жеке тұлғаны дамыту орталығы:

- ойын іс-әрекетіне, әр түрлі ойлау қабілеттеріне қажетті құралдар және материалдармен;
- жапсыру, сурет, құрастыру іс -әрекеттеріне қажетті құралдар;
- балалардың қимылдық іс-әрекеттеріне қажетті спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған.
- Әр топта үстел үсті ойындары, құрастыру материалдары жеткілікті мөлшерде. Шығармашылық қиял және театр қызметі арқылы қоршаған ортамен таныстыру мақсатымен әр түрлі театрлар дайындалған. МДҮ- да және ата-ананың барлық қарым-қағынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі. Онда ата-ананың төлем ақысы (тамақтану, балабақша міндеті, ата-ана міндеті) көрсетілген. Ата-ананың төлем ақысының бағасы күніне 600 теңге. «Балдәурен» МДҮ Ақтөбе облысы әкімінің қаулысына сәйкес келеді.


«Театр және ағартушылық: жобасы аясында бойынша жұмыс жоспарының орындалуы»

Өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында «Театр және ағартушылық» жобасы іске асырылып келеді.



«Үштік одақ» «Парасат» мектебі

Ұрпаққа тәлім беруде білім сапасын жақсарту жолында, Әке, ана және әже үштік одағы болып жұмыла жұмыс жасауды үрдіске айналдырып келеді.



«Балдәурен» бөбекжай-бакшасында балабакша педагогтарының мектепке дейінгі білім беру стандартына сәйкес топтарда заттық дамытушы орта құруға негіз болатын теориялық білімдерін тиянақтау мақсатында «Заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру» тақырыбында аудандық семинар өтті. Шараға аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинетінің әдіскері Ешпанова Ботагөз Кеңшілікқызы қатысты.



Кадрлар әлеуетіне талдау

Қазіргі уақытта «Балдәурен» МДҰ-да барлығы 7 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және аудандық білім бөлімі тарапынан бекітілген. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлар тұрақты.

2023-2024 оқу жылында барлығы 7 педагог жұмыс жасайды.

Оның ішінде жоғары білімдісі – педагог (66,6%)

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша – 4(44,4%)

Аяқталмаған жоғары - 0

Арнаулы орта білімдісі – 1 педагог (11,1%)

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша – 1 (11,1%)

Жоғарғы санатты: - 0 (%)

Бірінші санатты: - 1 (11,1%)

Екінші санатты: - 2 (22,2%)

Педагог-модератор: - 0 (%)

Санаты жоқ: - 4 (44,4%)

Біліктілік курсынан өткен педагогтар: «Өрлеу» - 4 педагог

Жанартылған бағдарлама – 0 педагог

Басқа курстар – 2 педагог

Қазіргі таңда «Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымда 4 тәрбиеші, 1 психолог, музыка жетекшісі (вакансия), би үйретуші (вакансия) маманы және әдіскер, меңгеруші жұмыс жасайды.



Педагогтардың білімі туралы мәлімет

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Мектепке дейінгі жоғары білім	Жоғары пед.білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Арнаулы орта білім	Педагогикалық білімі жоқ
2021-2022	9	22 (22%)	3 (33,3 %)	2 (22,2%)	2 (22,2%)	-
2022-2023	6	2 (22,2%)	3(33,3%)	(11,1%)	-	-
2023-2024	7	3 (33,3%)	3(33,3%)	(11,1%)	-	-

Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары	Бірінші	Екінші	Санаты жоқ
2021-2022	9	0 (%)	1 (11,1%)	2 (22,2%)	6 (66,6%)
2022-2023	6	0 (%)	1 (11,1%)	2 (22,2%)	3 (33,3%)
2023-2024	7	0 (%)	1 (11,1%)	2 (22,2%)	4 (44,4%)

Жоғары, бірінші, екінші санаты бар тәрбиешілердің саны- 3(33,3 %) Өткен жылдармен салыстырғандағы біліктілік санаттарының көрсеткіші:

2021-2022 оқу жылы: 9 педагогтан санаты бар 3 педагог(33,3 %)

2022-2023 оқу жылы: 9 педагогтан санаты бар 3 педагог (33%).

2023-2024 оқу жылы: 9 педагогтан санаты бар 3 педагог (33%).

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі педагогтардың біліктілік санатын көтеруге көп көңіл бөледі.

Оқу жылдары	Педагогтар саны	«Өрлеу» БАҰО	«Педагогикалық шеберлік» орталығы	Басқа курстар
2021-2022	9	3	-	-
2022-2023	6	1	-	-
2023-2024	7	-	2	2

Өткен оқу жылында облыстық біліктілікті арттыру институтында қайта даярлау және біліктілікті арттырудың курстарынан педагог білім жетілдіру курстарынан өтпеді.

Соңғы 4 жылда кәсіби біліктілігін арттырған педагогтардың пайыздық көрсеткіші:

2021-2022оқу жылында-2 педагог (22,2%)

2022-2023 оқу жылында-2 педагог (22,2%)

2023-2024 оқу жылында-3 педагог (33,3%)

Педагогтар өздерінің кәсіби шеберліктерін өз бетімен білім алу арқылы арттырады – бұл әдістемелік бірлестіктерге қатысу, өзара байланыс жасау, жаңашыл әдістемелік әдебиеттерді оқу, аудандық және облыстық семинарларға қатысып өз іс-тәжірибесімен бөлісу және аудандық, облыстық әдістемелік орталықтың қолдауымен әдістемелік жинақтырын баспадан шығарды.

«Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымында іс-жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, өмірбаяны, жұмысқа қабылданғандары туралы, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Негізгі қызмет жөніндегі, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың еңбегін бағалау жұмыстары жақсы атқарылған. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі ұйым ішлік марапаттаулармен қатар аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық марапаттарға ие.

2022 оқу жылы тәрбиеші А.Ізмағамбетова –Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми ақпараттық танымдық тәрбиелік журналының I дәрежелі Дипломымен

2022 оқу жылы психолог Ә.Иманқұл –Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми ақпараттық танымдық тәрбиелік журналының I дәрежелі Дипломымен марапатталды

2022 оқу жылы әдіскер Г.Сатыбалдиева –«Өрлеу» БАҰО кәсіби даму институтының Алғыс хатымен марапатталды

2022 оқу жылы тәрбиеші М.Өтеубаева –Ақтөбе облыстық кәсіподақ ұйымының Құрмет грамотасымен марапатталды

2022 оқу жылы тәрбиеші А.Ізмағамбетова –Ақтөбе облыстық кәсіподақ ұйымының Құрмет грамотасымен марапатталды

2022 оқу жылы би үйретуші Р.Жәнібекова –Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының Алғыс хатымен марапатталды

2023 оқу жылы тәрбиеші Н.Молдағалиева Ақтөбе облыстық кәсіподақ ұйымының Құрмет грамотасымен марапатталды.

2023 оқу жылы әдіскер Г.Сатыбалдиева Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының II дәрежелі Дипломымен марапатталды

2024 оқу жылы А.Ізмағамбетова –Ақтөбе облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды

2024 оқу жылы Н.Молдағалиева –Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының Дипломымен марапатталды

2024 оқу жылы Н.Зейінова –Республика педагогтарының ғылыми-әдістемелік өнер-білім орталығының әдістемелік орталығының Дипломымен марапатталды

2024 оқу жылы М.Өтеубаева –Республика педагогтарының ғылыми-әдістемелік өнер-білім орталығының әдістемелік орталығының Дипломымен марапатталды

2024 оқу жылы А.Ізмағамбетова –Республика педагогтарының ғылыми-әдістемелік өнер-білім орталығының әдістемелік орталығының Дипломымен марапатталды

2024 оқу жылы Н.Молдағалиева –Республика педагогтарының ғылыми-әдістемелік өнер-білім орталығының әдістемелік орталығының Дипломымен марапатталды

2024 оқу жылы Н.Зейінова –Облыстық жастар ресурстық орталығының Дипломымен марапатталды

2024 оқу жылы Н.Молдағалиева –Облыстық жастар ресурстық орталығының Дипломымен марапатталды
2024 оқу жылы А.Измағамбетова –Облыстық жастар ресурстық орталығының Дипломымен марапатталды

Мектепке дейінгі ұйым аудандық семинарлар өткізіп өз іс-тәжірибелерін бөлісіп отырады.

Бөбекжай-бақша педагогтары түрлі тақырыптағы республикалық, облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, жұмыстарын жариялауда.

- «Үздік педагог олимпиадасы - 2022» облыстық олимп. – 1 педагог
- «Үздік педагог олимпиадасы - 2022» облыстық олимп. – 2 педагог
- Республикалық 45 минут газеті «Таңдаулы сабақтар жинағына 2 мақала
- «Даланың алып қонырауы» облыстық сырттай байқауы – 1 педагог
- «Көк тудың желбірегені» республикалық байқауы – 1 педагог
- Халықаралық тәжірибе алмасу конференциялары – 13 педагог
- «Мәңгілік ел жастары» республикалық байқауы-1 педагог
- «PLATON халықаралық білім дамыту орталығы» байқауы-1 педагог
- «Ұстаз еңбегі» республикалық журналы – 1 мақала
- «Жыл тәрбиешісі» байқауы аудандық-5 педагог
- «Жылдың үздік меңгерушісі-2022» аудандық байқау Бас жүлде, 2021 жыл

Қызмет бабында жазаланған педагогтар тіркелмеген. Ұжым арасында салауатты моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқан.

Сонымен қатар МДҰ тәрбиеленушілері республикалық, облыстық, халықаралық аудандық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленді.

-Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының Мадақтамасы 2022 жыл «Бала тілі-бал» аудандық байқауы –2022 ж.;

-«Жарқыра Балапан» мәнерлеп оқу республикалық байқауы I, II дәрежелі Дипломдар, 2023 жыл

-«Жарқыра Балапан» театр өнері республикалық байқауы I, II дәрежелі Дипломдар, 2023 жыл

-«Жарқыра Балапан» көркем сурет республикалық байқауы I, II, III дәрежелі Дипломдар, 2023 жыл

-«Жарқыра Балапан» Костюм жанры бойынша республикалық байқауы I, II дәрежелі Дипломдар 2023 жыл

-«Жарқыра Балапан» би жанры бойынша республикалық байқауы I дәрежелі Диплом, 2023 жыл

- «Жарқыра Балапан» фотография жанры жанры бойынша республикалық байқауы I, II дәрежелі Диплом, 2023 жыл
- «Балалық шағымның шуақты бий» облыстық байқау Алғыс хат,2023 жыл
- Ақтөбе облыстық жастар ресурстық орталығы «Кішкентай Ханшайым және Кішкентай Ханзада-2022» байқауы Грамота
- Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми ақпараттық танымдық тәрбиелік журналы «Балапан-баяулар әлемі» I дәрежелі Диплом 2022 жыл
- Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы «Ана,әже және мен» облыстық байқауы II дәрежелі Диплом 2023 жыл
- Ақтөбе облыстық жастар ресурстық орталығы «Кішкентай Ханшайым және Кішкентай Ханзада-2024» байқауы Грамота

«Балдәурен» бөбекжай-бақшасының жылдық жоспарына сәйкес оқу жылы барысында 5 рет педагогикалық кеңес ұйымдастырылған. Педагогикалық кеңес отырыстарына хаттама толтырылған. Педагог кадрлар жұмыстарының сұрақтары әкімшілік педагогикалық кеңестерде, кәсіподақ және өндірістік отырыстарда қарастырылады. Педагогикалық процестің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі –жұмыс нәтижесін сараптау болып саналса, мектепке дейінгі ұйымда әр жылға оқу- тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша педагогтар мен тәрбиеленушілердің мониторингі жасалған.

МДҰ әкімшілігі қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігі ережелерін, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқауын сақтауды қатаң назарға алады. Тоқсан сайын қызметкерлермен нұсқаулықтар жүргізіледі.

МДҰ әкімшілігі мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жанарту, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарын жүйелі және жоспарлы түрде жүргізеді.

Әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамы

Әкімшілік –басқару қызметкерлерінің құрамы штаттық кестеге сай жұмыс жасайды. Әкімшілік –басқару қызметкерлер құрамы төмендегіше: «Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымын басқару қызметін Д.М.Сарманова атқарады. Педагогикалық еңбек өтілі -32 жыл, I санатты педагог. Осы аталған мекемеде 12.03.2009 жылдан жұмыс жасауда. Білімі – жоғары:

Қ.Жұбанов атындағы АМУ 1999 жыл, мамандығы «Қазақ тілі мен әдебиеті»

Басқару қызметін талдауы басшы мен әкімшілікпен, педагогтар арасында өзара анықталған қарым-қатынаста аналитикалық жұмыс жүйесін түсінікпен орындалатынын көрсетеді. Басқару қызметі педагогикалық ұйымның шапшаңдылығына және әр түрлі құбылыс қызметі туралы басқа түрдегі ақпаратпен негізделеді. Жылдық жұмыстың жоспарын талдау соңғы 4 жыл ішінде педагогикалық кеңес хаттамасы, оқу тәрбие процесін бақылау негізінде жұмыстың барлық құбылысы қаралды.

Әдіскер – Г.Т.Сатыбалдиева «Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымында 2011 жылдан бастап жұмыс жасайды. Осы қызметі бойынша 2011 жылдың қараша айынан бастап жұмыс жасайды. Білімі – жоғары:

Қ.Жұбанов атындағы АМУ 2009 жыл, мамандығы: «Тарих»

Шаруашылық меңгерушісі Ж.М.Тәжібаева 2010 жылдың қазан айынан бастап жұмыс жасайды. Білімі – орта. Іс қағаздарын жүргізуі талаптарға сай, іс-қағаздар номенклатурасы қалыптастырылған, меңгерушімен бекітіліп,

құрылтайшымен келісілген. Осы құжаттар негізінде төмендегі құжаттар қалыптастырылған.

Медбике – Н.Нұрмаханова білімі арнаулы орта, Ақтөбе медицина училищесі бітірген, осы мекемеде еңбек өтілі 2 жыл

Медбикенің құжаттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 09 шілдесіндегі № 23469 бұйрығы негізінде «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» бойынша жинақталған.

Есепші – А.Қожанова Білімі – жоғары. Алматы экономика және статистика академиясы, 2014. «Балдәурен» МДҰ-да 2021 жылдың сәуір айынан бастап декреттік демалыстағы есепшінің орнында жұмыс жасауда. Барлық құжаттарын уақытында жүргізеді. Мемориалдық кітап жүргізіледі, тігілген, нөмірленген. Ата-аналар жарнасының шоттары бар, айналым ведомосы бар, талаптарға сай жүргізіледі.

Барлық атқарушылардың жауапкершілік деңгейін қамтамасыз ететін әкімшілік мүшелерінің арасында функционалды міндеттері белгіленген. Менгерушінің нормативті құжаттарға арналған жинақ папкісі бар. Менгерушіге қажетті барлық құжаттары талапқа сай. Бұйрықтар кітаптары сауатты жүргізілген. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жоспар бойынша жұмыстар жүргізілген. Мектепке дейінгі ұжымда салауатты психологиялық жақсы ахуалды қарым-қатынас қалыптастырылған.

Тәрбиеленушілердің контингенті

Мектепке дейінгі «Балдәурен» ұйымында жалпы тізім бойынша – 50 бала. Балалардың құрамы 1-5 жас аралығын қамтиды, барлығы 2 топ. Топтардағы балалар санының орташы тығыздығы - 25 бала. Балалар қозғалысы кітабы жүргізіледі.

Соңғы жылдардағы бала қатысымы:

2022 жыл - 74%

2023 жыл - 79%

2024 жыл – 86%

Токсан сайын және ай сайын балалардың қатысымы мен наукастануы есепке алынып қортындыланып отырады. Ата-аналармен жасалған келісім шарттары бар. Балалар қозғалысы журналы, жолдамаларды тіркеу, балалар мен ата құжаттарын тіркеу журналдары талапқа сай жүргізілген.

Оқу-әдістемелік жұмыстар

Бөбекжайдың алға қойған мақсаттарының бірі балалардың шығармашылық белсенділігін әр түрлі іс-әрекет түрінде дамыту, сол мақсатты жүзеге асыру үшін мына міндеттерді орындауды алға қойған:

- Балалардың денсаулығы мен психологиялық ахуалын қамтамасыз ету;
- Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын құрайтын жалпы адамгершілік құндылықтарға баулу;
- Күнделікті бірлесе атқаратын іс-әрекеттер барысында баланың бойын адамгершілік қарым-қатынасқа баули отырып, олардың талап-тілектерімен санасу, жанашырлық сезімдерін дамыту;
- Педагогтар мен ата-аналардың рухани-адамгершілік тұрғыда өсуіне жағдай жасау;

- Адамгершілік-рухани тұрғыда балаларды жан-жақты тәрбиелеу.
- Балалардың креативті ойлауын, шығармашылық қиялын және танымдық қабілеттерін дамыту;

Коммуникативтік дағдылары мен біліктіліктерін арттыру;

Осы алынған міндеттемелер балалармен жүргізілетін оқыту-тәрбие жұмыстарында, оқу қызметтерінде жүзеге асырылады.

2021-2022 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша
Ерте жас топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Қатынас»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

Кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Қатынас»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

Ортаңғы топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» – 72 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады. Барлығы – 496 сағат, Вариативтік компонент 1 сағат: «Мен кімін» - 36 сағат,

Ересек топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» - 90 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 126 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады, барлығы – 432 сағат, Вариативтік компонент 2 сағат: 1) «Мен кімім» - 36 сағат, 2) «Би билейік дөңгелеп» - 36 сағат.

2021-2022 оқу жылында негізгі оқу жоспарының мазмұны «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі заңының 5-бабының 6-шы тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген 2016 жылғы 22-ші маусымындағы №391 бұйрығы негізінде бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру және базалық оқу жоспарын басшылыққа ала отырып балабақшаның оқу жоспары жасалды.

2022-2023 оқу жылының жүктемесі. Білім беру дағдылары бойынша

Ерте жас топ: «Физикалық қасиет», «Коммуникативті», «Танымдық және зияткерлік» «Шығармашылық» дағдылары

II кіші топ: «Физикалық қасиет», «Коммуникативті», «Танымдық және зияткерлік» «Шығармашылық» дағдылары

Ортаңғы топ Физикалық қасиет», «Коммуникативті», «Танымдық және зияткерлік» «Шығармашылық», «Әлеуметтік эмоционалды» дағдылары
 Вариативтік компонент 1 сағат: 1) «Би билейік дөңгелеп» - 36 сағат;

Ересек топ Физикалық қасиет», «Коммуникативті», «Танымдық және зияткерлік» «Шығармашылық», «Әлеуметтік эмоционалды» дағдылары
 Вариативтік компонент 1 сағат: 1) «Би билейік дөңгелеп» - 36 сағат;

2022-2023 оқу жылының оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңының» 2007 жылғы 27 шілдедегі 5-бабының 6-тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13-мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген 2016 жылдың 22-маусымындағы №391 бұйрығы негізінде бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру және базалық оқу жоспары негізінде құрылды.

2023-2024 оқу жылының жүктемелері Білім беру дағдылары бойынша

Ерте жас топ: «Физикалық қасиет», «Коммуникативті», «Танымдық және зияткерлік» «Шығармашылық» дағдылары

II кіші топ: «Физикалық қасиет», «Коммуникативті», «Танымдық және зияткерлік» «Шығармашылық» дағдылары

Ортаңғы топ Физикалық қасиет», «Коммуникативті», «Танымдық және зияткерлік» «Шығармашылық», «Әлеуметтік эмоционалды» дағдылары
Вариативтік компонент 1 сағат: 1) «Би билейік дөңгелеп» - 36 сағат;

Ересек топ Физикалық қасиет», «Коммуникативті», «Танымдық және зияткерлік» «Шығармашылық», «Әлеуметтік эмоционалды» дағдылары
Вариативтік компонент 1 сағат: 1) «Би билейік дөңгелеп» - 36 сағат;

2023-2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспарының мазмұны Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес құрылған.

«Балдәурен» бөбекжай-бақшасының 2023-2024 оқу жылының оқу жоспары «Балдәурен» бөбекжай-бақшасының 2023-2024 оқу жылының оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі –Стандарт, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2023-2024 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.

Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, әдіс-тәсілдерді, формаларды қолданады.

Бөбекжай әдіскері, педагогтары мен психологы педагогтардың білімдері мен тәжірибелерін шыңдау мақсатында әр түрлі жұмыс түрлерін өткізуде. Олар: бөбекжай-бақша психологы Ә.Иманқұлдың ұйымдастыруымен өткен «Мен керемет тұлғамын», «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын», «Ұжымдағы қарым-қатынас», «Отбасы-бақыт мекені», Жаса,қазақ тілі» атты дөңгелек үстелі, «Қыз тәрбиесі-ұлт болашағы» атты кеңесі, әдіскер Г.Т.Сатыбалдиеваның ұйымдастыруымен «Ұлттық тәрбие негізі балабақшада» атты семинар-практикум және «Адам үшін алтын қазына-еңбек ете білу» атты дөңгелек үстелі, «Жемқорлыққа жол жоқ» атты сауалнамасы, тәрбиеші Р.Жәнібекованың ұйымдастыруымен «Өрттен қорғанайық» төтенше жағдай қызметкерлерімен кездесу кеші және «Мектеп жасына дейінгі балалардың тәжірибе жасау іс-әрекеттерін дамыту» атты семинар-практикумы, тәрбиеші Н.Молдағалиеваның ұйымдастыруымен «Мемлекеттік рәміздер-тәуелсіздігіміздің нышаны» атты дөңгелек үстелі және балалардың тілін дамытуда мнемотехника әдісінің маңызы» атты семинар-практикум, тәрбиеші А.Ізмағамбетованың «Балабақшада балалардың эстетикалық санасын сурет арқылы дамыту» атты іс-тәжірибесі және «Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар» атты тәрбиешілерге практикалық жұмыс көрсетті.

Бөбекжайдың жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырылған түрлі шаралар баланың тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Олар: мамандар мен тәрбиешілердің ұйымдастыруымен «Тәй-тәй шоу» сайысы, «Көктем ару» сайысы, «Елі сүйген, елін сүйген Елбасы», атты тәрбие сағаты, «Отпен ойынама, қауіпті», оқу қызметі, «Орт-тілсіз жау», атты сурет байқауы, «Тәуелсіздік-тірегім» сурет көрмесі, «Елімнің еркіндігі Тәуелсіздік» сурет көрмесі, «Тіл-тірегім, соғып тұрған жүрегім» тәрбие сағаты, «Тәуелсіз елдің өрендері» ертеңгілігі, «Біз рәміздерді құрметтейміз» іс-шарасы, «Өмірге риза болып алғыс айта тәрбие сағаты, «Ананың ыстық алақаны» тәрбие сағаты, «Наурыз-жыл басы» тәрбие сағаты, «Ғажайып гарышкер» тәрбие сағаты, «Қазақстан-достық мекен» сурет көрмесі, «Еркін елдің ұланымыз» тәрбие сағаты, «Ал, канекей жігіттер» сайысы, «Елордаға тарту» ертеңгілігі, «Ата заңым айбыным» ашық аспан астындағы көрме, «Бакыт-бұл...» асфальтка сурет салу, «Ана-тілің арып бұл» челленджі, «Бар жақсылық сіздер үшін» дөңгелек үстел, «Ұстаз аты-биік, әрі мәңгілік» атты ертеңгілік, «Қыз-әдемілік пен іңкәрлік» сурет көрмесі, «Қыз қылығымен...» тәрбие сағаты, «Біз Қазақстанның патриотымыз» флешмоб, «Күз сыйы» атты көрме, «Армысың алтын күз» ертеңгілігі, «Біз құрметтейтін-Елбасы» танымдық сабақ, «Менің Қазақстаным-менің мақтанышым» сурет көрмесі, «Қыз қызығы» сайысы, «Үйде жалғыз қалғанда» тәрбие сағаты, «Дұрыс тамақтану - денсаулықтың негізі», «Біз-тәуелсіз елдің ұланымыз» флешмоб, «Бірлігіміз жарасқан» ертеңгілігі, «Ерлік мәңгі өлмейді» ертеңгілігі, «Қош, балабақша!» ертеңгілігі, «Мен – өмірдің гүлімін» ертеңгілігі, «Қарттарым-қазынам», «Балабақшамен қоштасу» мерекелік шаралары мен ертеңгіліктері ұйымдастырылды. Балалардың тілін, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған «Ерте, ерте, ертеде...» ертегі қойылымдары жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіледі.

Бөбекжай-бақшаның жылдық жоспарына сәйкес ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері балалардың тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Олар: «Адалдық сағаты», «Күз әні», «Эмоция және сезім», «Пішіндер», «Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш», «Жылқышы биі», «Астана-бас қалам», «Мұнара», «Аққала», «Ғажайып қыс», «Менің моншақтарым», «Күшіктер биі», «Қарлығаш пен дәуіт», «Ғажайып ертегі», «Қолғап» ертегісі, «Астана», «Жапырақтар», «Витамины», «Көгершін», «Ертегілер елінде» т.б. уақытылы өткізіліп тұрады.

Ата-аналармен жұмыс түрлері жоспарға сай өтіп тұрады. «Анам және мен» байқауы, «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» дөңгелек үстелі, «Толағай» спорттық сайысы, «Тәй-тәй шоу» сайысы, «Ана-өмірдің гүлі» сайысы, «Қыз тәрбиесі-ұл тәрбиесі» дөңгелек үстелі, «Анаға қарап қыз өсер» челленджі, «Әке мен бала» отбасылық сайысы, «Ең әдемі шырша» байқауы.

Жаңадан қабылданған балалармен және оның ата-аналарымен бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Баламен жеке жұмыстар, ата-аналарға, «Күн тәртібінің маңызы», «Балабақшаға алғаш келгенде» тақырыптарында кеңестер берілді. Өтпелі кезең дағдарысынан оңтайлы өтулеріне жағдай жасап, профилактикалық шаралар өткізіледі. Психологиялық кеңестер, тренингтер арқылы ата-анамен жұмыстар жүргізілді. «Балабақшаның ашық есік күні», «Ерте жастағы бала психологиясы» ата-аналарға кеңес, «Отбасы махабаты неде?» тренингі, «Ашығын айтсам...» сауалнамасы, «Бала өзінің тәртібімен не айтқысы келеді?!» дөңгелек үстелі, «Балабақшаға бейімделу» дөңгелек үстелі, «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» баяндамасы, «Шаттыққа толы

жүрекпен» психологиялық тренингтер өткізіліп, нәтижесінде ата-аналарды балабақша өміріне ат салысуға шақырамыз.

Бөбекжай тәрбиешілері баламен жұмыс жасау барысында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып келеді. Бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері бойынша жүйелі нәтиже қорытындысын шығарды, үлгі, ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындай алу, қолдың ұсақ моторикасын дамытуда жаңа технологиялардың элементтерін пайдаланып, сөздік қорларын молайтуда жаттығулар кеңінен қолданылады. Бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері: «Алақан», «Саусақпен салу әлісі», «Бастыру», «Күммен сурет салу», «Кляксография», т.б. әдістерді қолдануда.

Мектепке дейінгі ұйымының басқа мекемелермен өзара байланысы және қатынасы және балаларды тәрбиелеу, күту бойынша басқару кестеде көрсетілген.

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы

Спорттық сауықтыру байланысы Б.Алманов атындағы ЖББОМ	Мәдени-тәрбиелік байланыс «Мәні» мәдениет үйі
--	--

Мектепке дейінгі ұйымда сауықтыру-шынықтыру, эстетикалық, сөйлеу, ақыл-ой, танымдық дамуының белгілі жағдайлары жасалған.

Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілген, хаттамалары жазылып нөмірленген, мөр басылған. Педагогикалық кеңес тақырыптары дұрыс қойылған. Бұл іс-шаралар оқу-тәрбие жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға, жылдық міндеттерді шешуге бағытталған. Театр түрлерін қолдану, балалардың логикалық қабілетін дамыту іс-әрекеттерінде инновациялық технологияларын ендіру және жетілдіру, тыңдау қабілетін, сөзді дыбыстық талдау машықтары, дұрыс әрі анық сөйлеу дағдыларын жетілдіру, балаларды әңгімелеуге үйрету, отбасымен байланыс жасау, сауықтыру-шынықтыру іс-әрекеттерін дұрыс ұйымдастыру сұрақтарына көп назар аударылады.

Оқу – тәрбие жұмысы

Барлық топтарда МЖМБС білім беру салалары бойынша жабықталған :

«Физикалық қасиет» білім дағдысы бойынша:

Балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне, баланың дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін, қимылды ойындар жинағы, доптар, атрибуттар, табан бұлшық еттерін жетілдіруге арналған, массажды төсеніштер түрлі пішіні, ойын материалдары бар.

Мәдени-гигиеналық әдеттері мен дағдыларын кеңейтіп, жетілдіруге арналған сауықтыру-шынықтыру шаралар жоспары белгіленген.



«Коммуникативті» білім саласы бойынша: Балалардың ойын технологиялары негізінде тілдерді ерте үйренуге арналған көркем әдебиеттермен, ертегі кейіпкерлерімен қамтамасыз етілген.



«Танымдық және зияткерлік» білім саласы бойынша:

Әр баланың танымдық іс-әрекетінің жеке дамуына әсер ететін сенсорлық-дидактикалық ойындары (мозайка, құрастырулар, пазл түрлері, геометриялық пішін түрлері, әр түрлі конструкторлар) және қоршаған орта мен табиғатты ересектермен бірлесіп зерттеуге арналған табиғат бұрыштары жабдықталған.



«Шығармашылық» білім саласы бойынша:

Тәрбиеленушілердің жас шамасын ескере отырып, бейнелеу құралдарының түрлерімен мен музыкалық аспаптармен, ертегі және әңгімелер тыңдауға арналаған дидактикалық ойындармен жабдықталған.



«Әлеуметтік-эмоционалды» білім саласы бойынша:

Бейімделу процесіне ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып өз құрластарымен ынтымақтастылыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Жыл мезгілдері, үй және жабайы жануарлар жинағы, ұлттық бұрыштар, ойындар, ыдыс-аяқтармен жабдықталған.



Балалардың білімін бағалау

Мектепке дейінгі ұйымның басшылық қызметін Сарманова Дәмелі Мұхамбетжанқызы атқарады. Жоғары педагогикалық білімі бар, I санатты педагог, педагогикалық өтілі-32 жыл, осы ұйымда 2009 жылдың наурыз айынан бастап жұмыс жасайды. Менгеруші педагогикалық ұжымның жұмысын басқарады, медициналық қызмет көрсету персоналының жұмысын ұйымдастырады, циклограммаларды, педагогикалық жұмысты талдау бойынша жалынамаларды қолланылады.

Педагогикалық жұмысының мониторингі ұжымның қызметін бақылауға, ұжым алдында көптеген міндеттерді қарастыруға, бөлуге, өз көмекшілеріне міндеттерді жүктеуге, әріптестердің жұмыс тәжірибесін қолдануға мүмкіндік береді. Осылайша басқару қызметінің сапасы артады.

Барлық педагогтардың, менгерушінің өзара іс-әрекетке қатысу дәптерлері бар, ұсыныстар мен пікірлер жазылып таныстырылған. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері әр жыл сайын жоспарланып өткізілген, материалдары жинақталған.

Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының 1 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың дамуын бағалау жүйесі және мониторинг құрылымы бойынша жүргізілген.

Бағдарламаның барлық бөлімдерін қамтылуы бойынша:

2021-2022	2022-2023	2023-2024 (бастапқы)
33 %	26 %	47 %
52%	36 %	45%
55 %	60 %	37%

Ата-аналармен іс-шаралар жоспар бойынша жүргізіледі, барлық материалдар папкілерге жинақталған. Ата-аналар мектепке дейінгі ұйымның жұмысына әр кез қатысады.

Мектепке дейінгі ұйым жұмысының негізгі бағыты - тәрбие процесін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Жылдық жұмыс жоспарын, педагогикалық кеңестердің хаттамаларын талдау, оқу-тәрбие процесін бақылау соңғы 4 жыл ішінде жұмыстың негізінде барлық бағыттарының қаралғанын көрсетті.

Нормативтік құжаттармен де тиісті жұмыстар жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі жиналыстарда, пед кеңестерде, барлық қызметкерлерді ҚР Президентінің Жолдауымен, ҚР Заңымен таныстырады.

Ұйымда іс-қағаздарын жүргізу жұмысы барлық талаптар бойынша жүзеге асырылады: еңбек кітапшалары, еңбек кітапшаларының қозғалысы туралы дәптер, балалардың, педагогтардың жеке іс-қағаздары, ата-аналармен келісім шарттар, бұйрықтар кітабы, өндірістік жиналыстардың хаттамалары, бақылау дәптерлері, инструктаж журналы т.б. жүргізіледі.

Басқару қызметінің жұмысына таллау жасай келе, педагогтардың шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ететінін, туындайтын мәселелерді шешуге көмегін тигізетінін атап өтуге болады.

Ұсыныстар:

1. Педагогикалық құрамының сапасын одан әрі жақсарту мақсатында педагогтардың «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі» мамандығы бойынша білім алуларына және жетілдіруіне жағдай жасау.
2. Педагогтардың санаттық деңгейін көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
3. Тәрбиеленушілердің білім көрсеткіштерінің сапасын арттыру бағытында жұмыстар күшейтілсін.
3. Барлық топтарда білім беру салаларының мазмұнына сай пәндік-дамытушы ортаны, табиғат бұрышын тірі табиғат иелерімен толықтыру.
4. Дене шынықтыру ҰІӨ-не қажетті жаңашыл спорттық құралдармен қамтамасыз ету.
5. Әдістемелік бөлме қазақша әдістемелік әдебиеттермен толықтырылсын.

Қорытынды:

Мектепке дейінгі ұйымның басқару қызметі «оқаксы» деңгейде деп есептелсін. Комиссия «Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымында өткен өзін-өзі аттестаттауды негізге ала отырып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы «мектепке дейінгі ұйым» мәртебесіне сай деп есептелсін.

Комиссия төрайымы:

«Балдәурен» бөбекжай-бақшасы
менгерушісі:



Д.М.Сарманова

Комиссия мүшелері:

«Балдәурен» бөбекжай-
бақшасының әдіскері:



Г.Т.Сатыбалдиева

«Балдәурен» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі:



А.Ж.Измагамбетова

«Балдәурен» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі:



М.А.Өтеубаева

«Балдәурен» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі:



Н.К.Молдағалиева

Хатшы:



Н.Зейінова